

КЕЛІСІЛДІ

Әдіскер



А.А Мурзатаева



ABC

ЭЛЕКТРОННЫЙ ДЕТСКИЙ САД

ЖШС "Амина-2011"

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**қазақ тілінде білім алатын
«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы**

Қосшы қ.

1 кезең (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 1 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Қыркүйек	Қазан	Қараша
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Балалар денсаулығын нығайту, ағзаларын шынықтыру, балалардың денелік сапа көрсеткіштерін дамыту.</p> <p>Денсаулықты нығайту: заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығулар орындайды</p> <p>Дене бітімді жетілдіру: жекелеген бұлшық ет топтарына, буындарға, сіңірге және олардың жағдайы мен қызметтерінің түрлеріне дене жаттығуларын орындайды</p>	<p>Күнделікті қимыл іс-әрекетіне деген қажеттілікті қалыптастыра отырып, дербес қимыл белсенділігін дамыту.</p> <p>Денсаулықты нығайту: заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығулар орындауды жалғастыру</p> <p>Қозғалыс: бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, мәнерлі сап түзу, жүру түрлерін орындайды</p>	<p>Балалардың қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік беру.</p> <p>Денсаулықты нығайту: заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығулар орындауды бекіту</p> <p>Қозғалыс: жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру</p>
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту»	<p>Дыбыстарды дұрыс және анық айту қабілетін бекіту.</p> <p>Сөздегі дыбыстардың орналасу дағдыларын қалыптастыру (басы, ортасы, соңы), фонематикалық есту қабілетін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді үйлестіру қабілетін жетілдіру: сан есімдері мен зат есімдер және зат есімдері мен сын</p>	<p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың жұмысқа қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық экспрессивтілік құралын қолдануды бекіту: дауыс қарқынын реттеу, логикалық кідіріс және екпін.</p>	<p>Қарым-қатынас жасау және әртүрлі заттарды сипаттау үшін қажетті сөздерді түсіну және қолдану қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Сөйлеуде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды бекіту, берілген әрекетке белгілерді, әрекеттерді және заттарды таңдай білу.</p> <p>Балалардың шығармашылық сөйлеу</p>

		есімдер. Балаларда сурет бойынша сипаттамалық әңгіме құра білу қабілетін қалыптастыру.	Суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру қабілетін қалыптастыру.	әрекетін қалыптастыру.
3	«Көркем әдебиет»	Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен, фольклормен және театр әлемімен таныстыру, кітапқа деген қызығушылықты дамыту. Шығармалардың мазмұнын эмоционалды түрде қабылдау, баяндаудың сипатын сезіну қабілетін қалыптастыру. Ертегінің жеке бөліктерін драматизациялау арқылы оны қайталау қабілетін қалыптастыру.	Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Интонацияны, логикалық екпінді, кідірістерді жеткізе отырып, өлеңді мәнерлеп оқу қабілетін қалыптастыру. Балаларға ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін жеткізу үшін экспрессивтілік құралдарын үйрету.	Сюжеттің дәйектілігін сақтай отырып, шағын шығармаларды өз бетінше қайталау, оқиғаның соңын ойлап табу, кітаптарға қызығушылық таныту қабілетін қалыптастыру. Әдеби кейіпкердің осы немесе басқа әрекетті қалай қабылдайтыны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын мінез-құлқын түсіну қабілетін қалыптастыру. Дауыс күшін қолдана отырып, айналадағы заттардың бейнелерін эмоционалды және мәнерлі түрде жасау қабілетін қалыптастыру.
4	«Сауат ашу негіздері»	Тілдің фонетикалық және графикалық жүйесін игеру барысында балаларды оқылым мен жазылым дағдыларын меңгеруге даярлау. Тыңдалым және айтылым: сөздердің дыбысталу формаларын ажырату. Сөздерден дыбысты бөледі, буын, сөз туралы бастапқы түсініктері бар. Сөздегі дыбыстарды және олардың белгілерін (дауысты: жуан, жіңішке; дауыссыз: қатаң, ұяң, үнді) ажыратады, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды салыстырады.	Фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту, сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін және дыбыстық талдау әрекеттерін қалыптастыру. Тыңдалым және айтылым: дыбыстарды және олардың әріппен белгіленуімен салыстырады, дыбыстарды дұрыс және дәл айтады, белгілі бір дыбысты сөздерді атайды, сөздерді буынға бөледі, олардың санын және сөздегі буынның ретін анықтайды. Сөздегі екпінді ажырата алады.	Дыбыстық талдау мен жинақтау әрекетін қалыптастыру, тіл, сөйлем, сөз, буын, екпін, дыбыс және әріп туралы түсінікті қалыптастыру. Тыңдалым және айтылым: тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну. Сөз бен сөйлемді ажыратады, сөздің мәні мен сөйлемнің мағынасын түсінеді. Шағын мәтіндердің мазмұны бойынша қойылған қарапайым сұрақтарға жауап береді. Сөйлемді интонациясы бойынша ажыратады.
5	«Қазақ тілі»	Білім беру мақсаттары: балаларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру. Дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану, дауыс	Тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру.	Баланың ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу; тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз

		және артикуляциялық аппаратты, сөйлегенде тыныс алуды, анық дикцияны дамыту. Ертегілерді, әңгімелерді оқу, мультфильм қарау кезінде кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту.	Қоршаған ортадағы заттардың топтарын, жыл мезгілдерінің белгілерін және табиғаттың жеке құбылыстарын, заттарды көлемі мен түсі бойынша атай білуге үйрету, балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге, сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету.	тіркестерін түсінуге және сөйлеу тілінде қолдануға, оларды дұрыс екпінмен анық айтуға үйрету, қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге дағдыландыру.
ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
6	«Математика негіздері»	Қарапайым логикалық-математикалық түсініктерді қалыптастыру және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерді дамыту. Заттардың кеңістікте орналасуы мен заттарды санау. 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. Сөйлегенде математикалық терминдерді қолданады. Натурал қатардағы сандар арасындағы қатынасты: «дейін», «кейін» ұғымын түсінеді.	Ақиқатты танудың математикалық тәсілдерін таныстыру: санау, өлшеу, қарапайым есептеуді үйрету. Сан және санау: теңдік туралы түсінігі бар, топтардағы әртүрлі заттардың санының тең екендігін анықтайды, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мағынаны дұрыс жалпылайды, сандарды қосады және азайтады (біреуден, екеуден санау тәсілдері). Көрнекілік негізінде заттар тобын, сандарды салыстырады.	Тапсырманы стандартты емес жолмен шешуге деген ұмтылысын, тапқырлығын, зеректігін, ұғымталдығын дамыту. Жиын және логика элементтері: заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру, сан заттардың көлеміне, олардың арасындағы ара қашықтыққа, кеңістікте орналасуына және санау бағытына (солдан оңға немесе оңнан солға) тәуелді еместігін біледі
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ				
7	«Құрастыру»	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату, құрылыс материалдарын қолданып, құрастыру әрекетіне қатысады. Табиғи және жасанды материалдардың қасиетін атайды: қағаз (тығыз, жазу, жылтыр, жартылай ватман, жұқа картон) табиғи (бүршік, жаңғақ, бұтақ, тұқым, шөп).	Құрастыруға арналған материалдармен және құралдармен жұмыс барысында техника қауіпсіздігі ережелерін орындайды. Құрылыс материалдарын (кубиктерді, «Лего» және т.б.) бөлшектердің әртүріне арналған бөлімшелері бар арнайы шкафтарға жинастырады.	Заттарды ортақ белгілері бойынша топтау, геометриялық фигураларды сипаттау және салыстыру. Суреттерден бөлшектерді табады, бұрандалар мен сомындардың көмегімен бекіте алады; қозғалатын және қозғалмайтын біріктіруі бар құрылыс бөлшектерімен, құралдармен жұмыс істейді.
8	«Сурет салу»	Сызықтар және сызық түрлері: сызықтардың алуан түрін (түзу, қисық,	Түзу сызықтың түрлі үйлесімділігінде құрылған қазақ өрнегінің элементтерінің	Қарапайым геометриялық пішіндерді қолдану арқылы негізгі форманы,

		ирек-ирек, ирелең) қолдана отырып, затқа қарап және елестету арқылы қарапайым заттарды және күрделі емес сұлбалардың суретін салады. Түрлі ұлттардың қолданбалы өнеріне тән әртүрлі түстермен өрнектің элементтерін қолданады	суретін салады, оларға тән элементті қолдана отырып құрастыруды, элементтерді сұлбаның, форманың ортасына және шетіне орналастыруды, қарапайым формаға түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, сақиналарды, дөңгелектерді, бояуларды, нүктелерді ырғақпен орналастыра отырып өрнектерді құрастырады.	заттардың бөліктерін, үйлесімділігін салады. Бірыңғай мазмұнда сурет салу үшін, біркелкі заттардың көлемі мен бөліктері бойынша ағаш бұтағы, бұтаның жапырағы немесе гүлі, түрлі аңдардың өздеріне тән ерекшеліктерін және т.б. қарап бейнелейді.
9	«Мүсіндеу»	Заттық мүсіндеу: жануарлар мен адамдардың, құстардың пішінін, көкөністер мен жемістердің үлгілерін, таныс заттарды бір кесек ермексаздан (сазбалшықтан және т.б. материалдардан), алдымен олардың жалпы пішінін, содан кейін бөлшектерін мүсіндейді. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін және қосымша материалдарды пайдаланады.	Заттық мүсіндеу: бөліктердің салыстырмалы көлемін сақтай біледі, мүсінделген пішіннің бөліктерін нықтап бекітеді, олардың біреуін екіншісіне қосып, бекітілген жерді тегістейді, саусақтардың қимылымен немесе кескішпен пішіннің бетін жөндейді.	Сюжеттік мүсіндеу: қоршаған орта тақырыбына, ертегі және әңгімелердің, халық өлеңдерінің желісі бойынша сюжеттік композиция құрады. Алған біліктері мен дағдыларын жеке мүсіндеуді, ойынға арналған ұжымдық мүсіндеуді орындауда, мереке күндері бөлмені, үйшікті, алаңқайды безендіруде қолданады.
10	«Жапсыру»	Заттық аппликация: түрлі тақырыптарға жапсыруды құра алады: қоршаған ортаның шынайылық желісі негізінде, халық ертегілері, мультфильмдердің мазмұны бойынша және т.б., қағазбен және қайшымен жұмыстың қарапайым тәсілдерін қолданып, қайшымен жұмыс істейді.	Заттық аппликация: қиып алудың негізгі түрлерін игерген: бүктелген сызығы бойынша қағаз парағын түзу қию, шаршының бұрыштарын дөңгелетіп, дөңгелек пішінді қиып алу, бірнеше рет бүктелген қағаз парағынан тіктөртбұрышты, үшбұрышты, дөңгелек пішіндерді қиып алу, қиып алудың түрлі тәсілдерін қолданады.	Сәндік аппликация: түстің ашықтығын салыстыруды қолдана отырып, ырғақ, симметрия заңдылығы бойынша безендірудің түрлі элементтерін (геометриялық, өсімдіктер пішіндері, құстардың, жануарлардың, адамдардың пішіндерінің жиынтығын) қиып алады және біріктіреді.
11	«Музыка»	Музыкалық мәнерлілік құралдары (әуен, қалып, ырғақ, қарқын, тембр, динамика, регистр). Баланың рухани әлемін байытатын, мейірімділік сезімдерге, эстетикалық толғаныстарға ынталандыратын, бастапқы музыкалық талғамның қалыптасуына ықпал ететін алуан түрлі әндерді, кейбір бастапқы дыбыстың жоғарылығы мен ырғақтық түсініктерді біледі.	Музыкалық жанрларды: күй, ән, би, маршты ажырата алады. Таныс әндер мен қайырманьың әуенін ажырату арқылы есту дағдыларына ие. Тыңдалған музыкалық шығармалардың (әндер, қайырма, музыкалық ойындар және т.б.) сипатын ажыратады.	Музыка формасы. Әннің бастамасы және қайырмасын ажырата біледі, аспаптардың дыбысталуын ажыратады, ырғақтық сипатты, әуендік айналымды байқайды. Музыканы тыңдай біледі, түсінеді, оның сипатын, жоғары регистрін ажыратады. Таныс музыкалық аспаптарды дыбысталу тембрі бойынша ажыратады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ				
12	«Қоршаған ортамен танысу»	Өлі табиғат денелері мен заттары. Өлі табиғат нысандары: көмір, құм, сазбалшық, мұнай, гранит туралы түсініктерге ие; олардың қасиеттерін және міндеттерін атайды. «Дене», «зат» түсініктерін ажыратады. Дененің заттардан тұратынын, бір немесе бірнеше заттардан тұруы мүмкін екендігін түсінеді	Өлі табиғаттың денелері мен заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажыратады. Қозғалыс және күш. Біздің қозғалмалы заттар әлемінде өмір сүретінімізді түсінеді: ағаштар тербеледі, құстар ұшады, машиналар жүреді, кемелер жүзеді және т.б. Заттарды қозғалысқа келтіретін күштер бар екендігін біледі.	Алуан түрлі заттар және табиғат құбылыстары туралы түсініктерге ие, маңызды белгілері мен қасиеттерін бөліп көрсетеді, олардың негізінде объектілерді жалпылайды және топтастырады. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді атайды, ажыратады.
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС				
13	«5+,KZ,0.5с: Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (факультатив 1bilim.kz)»	Алынған білім негізінде денсаулықты сақтау дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін қорғау және оларға қамқорлық жасау туралы білімді қалыптастыру.	Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарды орындау және жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша алдын алу шараларын орындау қажеттілігін қалыптастыру. Ұйқының, қозғалыстың және демалудың ауысуы туралы түсінік қалыптастыру, күн тәртібін сақтау дағдысын дамыту.	Балалардың қатаю әдістері туралы білімдерін кеңейту, қатаю процедураларын қолдану қабілетін қалыптастыру. Жол туралы білімді және оның жанында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін қалыптастыру.
14	«5+,KZ,1.0с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Балаларда белсенді сөздік қалыптастыру. Заттарды сипаттауға, сөз тіркестері мен сөйлемдер құруға үйрету. Балаларда әңгіме құрастыру қабілетін қалыптастыру.	Барлық спецификалық дыбыстардың дұрыс айтылуына қол жеткізу. Сөздік қорын белсендіру және кеңейту. Сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге үйрету. Сөйлеуде жаңа сөздерді қолдануға, сөз тіркестері мен сөйлемдер құруға үйрету.	Балаларды сөйлеуде жаңа сөздерді қолдануға, сөз тіркестерін-іс-әрекеттерді жасауға үйрету. Бұрын үйренген сөздерді қолдана отырып, сөйлем құрастыру қабілетін бекіту. Метафораларды қолдана отырып, суреттің нақты объектілері туралы әңгімелер құра білу қабілетін қалыптастыру, оларды өткен, қазіргі және болашақ шақтарды бейнелеу.
15	«5+,KZ,1.0с: Жол тәртібін білейік (факультатив 1bilim.kz)»	Мектеп жасына дейінгі балалық шақтан бастап баланың жолда жүру ережелерін білуі, жолда жүрудегі сақтық	Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын	Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтіге кіруге болмайтындығын түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса

		шараларымен таныстыруды үйрету. Қоғамдық көлік түрлерін білуге, жүргізуші мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	қызметімен таныстыруды жалғастыру.	қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету.
16	«5+,KZ,1.0с: Денсаулық әліппесі (факультатив 1bilim.kz)»	Балалардың өз денсаулығына, қоршаған ортаға жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтына деген ұмтылысы мен тілегін қалыптастыру. Денсаулық туралы ғылым жөнінде түсінік беру.	Ертеңгілік жаттығу жасаудың денсаулыққа пайдасы жөнінде түсіндіру. Бала денсаулығының басты кепілі-дене бітімінің сымбаттылығы, жалпақтабандылықтың алдын алу туралы мағлұматтар беру.	Балалардың күн тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Күн тәртібін жүйелі орындаудың денсаулықты нығайтудағы маңызын түсіндіру. Ұйқының адам денсаулығы үшін маңызы туралы ұғымдарын кеңейту.
17	«5+,KZ,1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	Ерте замандардан бері қазақ халқының тарихи қалыптасқан ерекшеліктері: ақынжандылық, өнерпаздық, шешендік, дарындылыққа тәрбиелеу; қол алысып, құшақтасып амандасу түрлерін түсіндіру; қазақша отыру, жату түрлерімен таныстыру.	Ағаштан жасалған үй жиһаздары туралы түсінік беру. Өсімдіктердің адам өміріне маңызын түсіндіру, өсімдіктерді қорғауға байланысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру. Нан түрлерімен таныстыру (таба нан, күлше, бөлке нан, тандыр нан т.б.)	Аңшылық кәсіп туралы түсінік беру. Шебер жайлы түсінік бере отырыпағаш шебері, ұста, зергер мамандықтары туралы түсіндіру. Ат және оның әбзелдері жайында түсінік беру, қолдану ерекшеліктерімен таныстыру
18	«5+,KZ,1.0с: Сәлем, Әлем! (факультатив 1bilim.kz)»	Үлкен топта алған білімдерін бекіту, бейбітшілік, махаббат және адамның жақсы сезімдері туралы ұғымдарды ашу. Балалардың отбасы және ондағы қарым-қатынастар туралы түсініктерін кеңейту, отбасына, жақындарына және туыстарына деген қамқорлықты дамыту, отбасы мүшелеріне құрметпен қарау дағдыларын тәрбиелеу. Өзіңізді және басқа адамдарды қабылдау қабілетін қалыптастыру, әр адамның ерекшелігі мен бірегейлігі туралы түсінік беру.	Адамның адамгершілік қасиеттері туралы идеяларды қалыптастыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдау және адамның жағымды қасиеттерін тану қабілетін дамыту, басқаларға деген мейірімділікті ояту Сөздер мен іс-әрекеттерді бағалауға үйрету; балада жақсы сезімдерді көрсетуге деген ұмтылысты дамыту; басқаларға жанашырлықпен және ұқыптылықпен қарау дағдыларын қалыптастыру Әлемді позитивті қабылдау дағдыларын үйрету, балалардың бақыт, оның жан-жақтылығы туралы түсініктерін кеңейту; қазіргі уақыттан ләззат алуға деген ұмтылысты дамыту.	Балалардың қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту, Ұжымда достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, адамдарға сезімтал және қамқор қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Жануарларға деген қамқорлықты, олармен қарым-қатынас жасау қуанышын тәрбиелеу. Эмоционалды жауаптылықты дамыту. Еліктеу ойындарында жаттығуларды мәнерлеп орындауға үйрету. Балалардың отбасындағы сүйіспеншілік пен келісім туралы түсінігін кеңейту, жақындарына деген сүйіспеншілігін білдіруге деген ұмтылысын дамыту, жақындары мен туыстарына ұқыпты және жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

2 кезең (Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 2 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, ұлттық қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық белдеуіне, кеудеге, қолдың күшін жетілдіруге арналған, іштің бұлшық етіне, арқаға, аяққа арналған жаттығулар жасау.</p> <p>Дене жаттығуларын орындауға белсенділік танытады.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, сапқа тұру, сап түзеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру.</p>	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, ұлттық қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыруды жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық белдеуіне, кеудеге, қолдың күшін жетілдіруге арналған, іштің бұлшық етіне, арқаға, аяққа арналған жаттығулар жасау.</p> <p>Дене жаттығуларын орындауға белсенділік ті жалғастыру</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, сапқа тұру, сап түзеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру.</p>	<p>Үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіруді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық белдеуіне, кеудеге, қолдың күшін жетілдіруге арналған, іштің бұлшық етіне, арқаға, аяққа арналған жаттығулар жасау..</p> <p>Дене жаттығуларын орындауға белсенділік ті жалғастыру</p> <p>Түрлі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, сапқа тұру, сап түзеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру.</p> <p>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p>
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту»	Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы)	Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау ды (басы, ортасы, соңы) жалғастыру.	Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық

		<p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру.</p>	<p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдерді қолдану.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануды жетілдіру.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын жалғастыруды дамыту.</p>	<p>жаттығулар жасау.</p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін қолдануды жетілдіру.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару</p>
3	«Көркем әдебиет»	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып айтып беруді дамыту.,</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуды дамыту.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен айтып беруді дамыту.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуды жалғастыру.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беруді жалғастыру.</p>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді дамыту.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруді дамыту.</p>
4	«Сауат ашу негіздері»	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.</p> <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз).</p> <p>Геометриялық фигуралардың,</p>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауды жалғастыру.</p> <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), жалғастыру.</p> <p>Геометриялық фигуралардың,</p>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p>

		көгөністер дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.	көгөністер дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жалғастыру.	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.
5	«Қазақ тілі»	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.
ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
6	«Математика негіздері»	Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; Жиын: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруді үйрету. Сан, санау: 10 көлеміндегі сандарды	Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; Сан, санау: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте	Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс

		салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздікті шығаруды қалыптастыру.	орналастыруды жетілдіру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);	бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Шама: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ				
7	«Құрастыру»	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыруды дамыту. Дағдыларын қалыптастыру: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыруды дамыту.	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға жетілдіру. Дағдыларын қалыптастыру: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру.	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Дағдыларын қалыптастыру: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.
8	«Сурет салу»	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуды дамыту. Заттық сурет салу: Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру. Сәндік сурет салу: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу дағдысын жалғастыру. Заттық сурет салу: Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіруді жалғастыру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) Сәндік сурет салу: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Заттық сурет салу: Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат

		ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.	дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіруді үйрету.	заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Сәндік сурет салу: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.
9	«Мүсіндеу»	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды мүсіндейді. Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беруді жетілдіру. Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарымен, туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу.
10	«Жапсыру»	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Сәндік аппликация: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру.	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамытуды жалғастыру. Сәндік аппликация: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады; Сәндік аппликация: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған

			жапсыруды дамыту.	заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
11	«Музыка»	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мзыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету.</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мзыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен жетілдіру.</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мзыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p>
ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ				
12	«Қоршаған ортамен танысу»	<p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі керектігін түсіндіру.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіндіру.</p>	<p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуін жетілдіру.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары</p>	<p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне ықпал жасау.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіндіру.</p>

			мен қасиеттерін сипаттау.	
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС				
13	«5+,KZ,0.5с: Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (факультатив 1bilim.kz)»	Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту.	Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейтуді жалғастыру.	Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.
14	«5+,KZ,1.0с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Балаларда өз Отаны-Қазақстан Республикасы туралы ұғымдарды қалыптастыру. Балаларда жиназ заттары және олардың мақсаты туралы түсінік қалыптастыру. "Үй жануарлары" тақырыбында балалардың белсенді сөздігін қалыптастыру.	Дене бөліктері туралы сөздіңтерін қалыптастыру: көз, құлақ, мұрын, тіл, қолдар, олардың адам өміріндегі рөлі. Балалардың қыстайтын құстар туралы түсінігін қалыптастыру. Балаларда "Көлік" лексикалық тақырыбы бойынша белсенді сөздік қалыптастыру.	Балалардың денсаулық туралы білімдерін адам өмірінің басты құндылықтарының бірі ретінде қалыптастыру. Балаларда бағдаршам, оның сигналдары туралы түсінік қалыптастыру
15	«5+,KZ,1.0с: Жол тәртібін білейік (факультатив 1bilim.kz)»	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі) білуді дамыту, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі) білуді жалғастыру, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед) білуді дамыту, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.
16	«5+,KZ,1.0с: Денсаулық әліппесі (факультатив 1bilim.kz)»	Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.	Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аударуды жалғастыру.	Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.
17	«5+,KZ,1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	Қазақ билері – Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би жайында түсінік беру. Татулық, бірлік туралы айтылған билер сөзінен үлгі келтіре отырып, ел бірлігінің маңыздылығы туралы түсіндіру. Ұлттық киімдермен олардың аттары туралы түсінік беру. Ер адамдардың	Өсімдіктердің адам өміріне маңызын түсіндіру, өсімдіктерді қорғауға байланысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру. Қыран бүркітке аң аулаудың бір құралы екендігін түсіндіре келе бүркітшілер туралы түсіндіру.	Орман, орманшы туралы түсінік беру. орманның қысқы көрінісі туралы әңгімелесе отырып, ағаштармен ауыз әдебиеті үлгілерін қолдана отырып таныстыру (жұмбақтар, мақал – мәтелдер т.б.) Қазақтың ұлттық ою өрнектерін

		ұлттық киімдерін ажырата білу.		таныстыру, балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
18	«5+,KZ,1.0с: Сәлем, Әлем! (факультатив 1bilim.kz)»	Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету.	Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйретуді жалғастыру.	Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға дағдыландыру.

3 кезең (Наурыз, Сәуір, Мамыр)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 3 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Наурыз	Сәуір	Мамыр
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру.</p> <p>Негізгі қимылдар: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру.</p>	<p>Белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.</p>	<p>2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып,</p>

			аяқтарын көтеру (5-6 рет).	
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту»	<p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйретуді жалғастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>	<p>Сөйледе интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дұрыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйретуді жалғастыру. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>	<p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>

3	«Көркем әдебиет»	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.	Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.	Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
4	«Сауат ашу негіздері»	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
5	«Қазақ тілі»	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді дамыту. Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге,	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге,	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер

	уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру.	білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру.	шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.
--	--	---	--

ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ

6	«Математика негіздері»	<p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге үйрету.</p> <p>Жиын: бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан, санау: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p>	<p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Сан, санау: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p>	<p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Кеңістікте, уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p> <p>Шама: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес</p>
---	------------------------	---	---	---

			Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.	келмейтін затты бөліп алу.
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ				
7	«Құрастыру»	<p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>	<p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p>	<p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
8	«Сурет салу»	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p> <p>Заттық сурет салу: Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.</p>	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды дамыту.</p> <p>Заттық сурет салу: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Сәндік сурет салу: Ою-өрнектермен</p>	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Заттық сурет салу: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын</p>

		Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.	қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.	салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Сәндік сурет салу: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
9	«Мүсіндеу»	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу. Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Сәндік мүсіндеу: Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Сәндік мүсіндеу: Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.
10	«Жапсыру»	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамытуды жалғастыру.	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген

		<p>және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p>Сәндік аппликация: Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>	<p>Сәндік аппликация: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу.</p>	<p>қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Сәндік аппликация: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p>
11	«Музыка»	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p>

			халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.
ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ				
12	«Қоршаған ортамен танысу»	Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу.	Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.	Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС				
13	«5+,KZ,0.5с: Қауіпсіз мінез-	Көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіздік мінез-құлық дағдыларын	Денсаулықты сақтау үшін дәрумендерді жүйелі қабылдау маңыздылығы туралы	Шамалы жарақаттанған да алғашқы көмек көрсету дағдысын қалыптастыру.

	құлық негіздері (факультатив 1bilim.kz)»	жағдаяттармен халық фольклорының негізінде дамыту.	түсініктерін қалыптастыру.	
14	«5+,KZ,1.0с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық туралы адам өмірінің басты құндылықтарының бірі ретіндегі түсініктерін қалыптастыру. Балалардың бойына Наурыз мейрамы, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары туралы түсініктерін қалыптастыру.Тақырып бойынша сөздік қорын белсендіре отырып, балалардың ертегілер туралы түсініктерін қалыптастыру.	Тақырып бойынша белсенді сөздік қорын құру. Балалардың тұрмыстық электр аспаптары, олардың мақсаты туралы түсініктерін қалыптастыру.	Қарым-қатынас және танымдық дағдыларды қалыптастыру. «Үй жануарлары» тақырыбы бойынша балалардың белсенді сөздік қорын қалыптастыру.
15	«5+,KZ,1.0с: Жол тәртібін білейік (факультатив 1bilim.kz)»	Баланың сөз қорын, тіл байлығын дамыту. Бір-біріне деген жағымды қарым – қатынас, көңіл- күй сезімдерін, ой-қиялын одан әрі дамыту. Қала көліктері, жолда жүру ережелері, бағдаршамның сигналдық белгісі, туралы білімдерін бекіту. Кейбір жол белгілерін ажырата білу іскерліктерін жетілдіру.	Өміріне қауіп төндіруі мүмкін кейбір тұрмыстық заттар туралы түсінік беруді жалғастыру. Тұрмыста қолданатын кейбір заттарды ересек адамдардың қатысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Сілтеуші және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне қарап және жол бойында тұрған белгілерді танып айтып беру дағдыларын жетілдіру.	Тұрмыста қолданатын кейбір электрозаттарды ересек адамдардың қатысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту. Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту.
16	«5+,KZ,1.0с: Денсаулық әліппесі (факультатив 1bilim.kz)»	Қоғамдық орында балалардың өзін ұстай білуіне, мейірімді, кішіпейіл, сыпайы болуға тәрбиелеуді жалғастыру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Жұқпалы және тұмау ауруларының алдын алу шараларының маңызын көрсету. Дәрілік шөптермен танысу.	Балаларға күн режимінің маңызын түсіндіру. Жағымсыз әрекеттердің әсері денсаулыққа зиян екенін ұғындыру. Қоғамдық орында балалардың өзін ұстай білуіне, мейірімді, кішіпейіл, сыпайы болуға тәрбиелеу.	Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері жөнінде түсінік беру. Қоршаған ортамен қарым – қатынаста жауапкершілік сезімдерін дамыту. Табиғаттың адамның денсаулығына тигізер пайдасы, ондағы адам өміріне тек азық емес, денсаулыққа да әсерін ұғындыру.
17	«5+,KZ,1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	Сөз өнері – айтыс туралы түсіндіру. Айтыстың ерекшелігімен таныстыру.	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін бекіте отырып, мерекеде айтылатын	Өзге ұлттар арасындағы достық қарым-қатынасты тәрбиелей отыра табиғатқа

		Аналарды, қыз балаларды сыйлауға үйрету, адамгершілікке баулудың мағынасын түсіндіру.	бата, тілектермен таныстыру. Жануарлар туралы түсініктерін кеңейте отырып, «Асау мәстек» ойыны арқылы мәстек жайында түсінік беру.	деген сүйіспеншіліктерін ояту. Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай хан туралы түсіндіру. Абылай ханның кішкентай кездегі аты Сабалақ екендігі туралы әңгімелеп беру.
18	«5+,KZ,1.0с: Сәлем, Әлем! (факультатив 1bilim.kz)»	Қазақ даласына жыл басы Наурыз мерекесінің келгенін айту; Наурыз-жыл басы көктемнің алғашқы мерекесі. Малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршіліктің оянған кезі екенін түсіндіріп, ой-өрісін кеңейту. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу.	«Табиғат» құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру; табиғатқа деген танымдық қызығушылықтарын дамыту.	Көп ұлтты Қазақ елі туралы білімдерін кеңейту. Әр түрлі ұлттардың мәдениеті мен дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Кез келген ұлттың адамына сыйласыммен қарауға тәрбиелеу.